

**Сауран ауданының білім бөлімінің
«Ж. Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

Өткізілген күні: «31» қазан 2025 жыл.

Өткізілген орны: ББҰ-ның АКТ залы.

Қатысқандар: 150

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. «Ж.Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.А.Калиев – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығын және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» 2024 жылдың 19 ақпанындағы №277 бұйрығын негізге ала отырып, ББҰ мемлекеттік аттестаттаудан өткізуде өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша ББҰ деңгейінде өзін-өзі бағалау бойынша арнайы бағалау комиссиясы құрылып, жұмыс жүргізгенін жеткізді.

Білім беру қызметінің деңгейін өзін-өзі бағалау бойынша комиссияның қорытынды есебін таныстыру үшін ДОЖЖО А.Абдуллаеваға сөз берді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарына сәйкес «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес өткізілгенін жеткізді.

Оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары нақты өлшеушілерге сәйкес жүзеге асырылғанын алға тартып, оқыту нәтижелеріне бағалау 4, 9-сыныптардың білім алушылары арасында білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тестілеу мәселелері жөніндегі ұйым әзірлеген компьютерлік форматтағы кешенді тестілеудің технологиясы бойынша жүргізіліп, оған білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды тұлғаларының байқаушы ретінде қатысуымен жүзеге асырылғанын алға тартты. 4, 9-сыныптардың арасында онлайн форматта тестілеу нәтижесінде білім алушылар 4-сыныптардан 98 оқушы қатысып, қатысушы үлесі 100% -ды, 9-сыныптардан 91 оқушы қатысып, 100% -ды қамтыды. Тестілеу кезіндегі бейне жазба жүргізілді. 4-сыныптардан «5»- 1, «4»- 52, «3»- 29, «2»- 16, орташа бал- 3,0 , оң нәтиже – 83,6%- ды құрады.

9-сыныптардан 91- оқушы қатысты. 9- сынып оқушыларынан «5»- 0, «4»- 67, «3»- 19, «2»- 5, оң нәтиже- 94,5%, орта балл 3,5 ді құрады.

Компьютерлік тестілеудің қорытындысы нәтижесінде барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптар 88,8% ды құрады.

4, 9-сынып оқушы ата-аналарының сауалнамасы нәтижесінде 93% ата-аналар білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанады. Білім алушылардың сауалнамасы бойынша 80% оқушы мектептің білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанатыны анықталды. МАДС тәрбиеленушілері ата-аналарынан алынған сауалнама нәтижесінде 93% ата-ана тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанатыны анықталды. Педагог қызметкерлердің сауалнама нәтижелерінің талдауы негізінде 90,5% респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелік үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанатыны айтылды.

Педагог қызметкерлердің барлығы жоғары педагогикалық білімін растайтын құжат бойынша жұмыс атқаруда екенін тілге тиек етіп, бес жылда бір реттен сиретпей біліктілік санатын арттыратын (растап), біліктілік арттыру курсынан үш жылдан сиретпей өткенін атап өтті.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44, 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен 100% қамтамасыз етілгенін жеткізді.

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) «жақсы» – 65-84% түрінде айқындалғаны жеткізілді.

Сондай-ақ білім беру ұйымының білім беру қызметіне негізделіп жүргізілген өзін-өзі бағалау қорытынды нәтижелеріне білім саласында сапаны қамтамасыз ету бағытындағы уәкілетті орган тарапынан арнайы бағалау жүргізу үшін , бағалау өлшем шарттарына сәйкес жинақталған барлық құжаттар білім беру ұйымының жеке сайтына жүктелгенін жеткізді.

Асылханов Б – директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары ББҰ-ның шаруашылық жүргізуді растайтын құжаттардың реттеліп, білім беру ұйымының жеке сайтына жүктелгенін айтты.

Мектеп ғимаратында ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар үшін ҚР білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 1 қаңтардағы №6 бұйрығына сәйкес барлық жағдай жасалынған. Пандус және әжетханамен қамтамасыз етілген, есіктер мен баспалдақтар контрастты бояумен боялғаны айтылды.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандыруы 98% құрады. Себебі, МАД және бастауыш сыныптар білім алушыларына арнайы шкафтар тапсырыс беріліп, бала санына сәйкес толықтыруды қажет ететінін жеткізді.

ДТЖЖО Н.Бабичева тәрбие саласы бойынша қажетті құжаттамаларды атап, олардың білім беру ұйымының жеке сайтына жүктелгенін жеткізді. <http://zh-tashenov.edu.kz/> сайтына жүктелген құжаттарда жіберілген кателіктер түзетіліп қайта ендірілді.

Сараптама жүргізу барысында 2023-2024 оқу жылынан бастап bilimclass.kz платформасында жұмыс жүргізілуде. bilimclass.kz платформасында ұстаздар электронды журнал туралы жаңалықтарды осы платформадан нұсқаулықтар бөлімінен оқып танысып отыратынын айтты. Күнделікті электронды журналды сауатты, сапалы толтыруына мектеп әкімшілігі тарапынан дұрыс бағыт-бағдар беріліп, жіберілген кемшіліктерді жою мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұратынын жеткізді. bilimclass.kz платформасында электронды журналды тексеру қорытындысы бойынша кемшіліктер жіберген пән мұғалімдеріне «ескерту» шарасы берілді. Атап айтсақ, денешынықтыру пәнінің мұғалімдері Абдуламид Мехриддин, Манжан Әділет, Нұрметов Довран, Бекеев Шерзат, Химия-биология пәні мұғалімдері Анарбаева Гулшат, Розibaева Ш , Орыс тілі пәні мұғалімдері Бабаханова Насиба, Камил Дилнура , Бөлекеева Қызжібек Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Нажен Аягөз, Әлімбет Гүлнұр, Мамбетова Г, Ақылбекова Нұрлықыз, Абдуллаева Наргиза. Математика пәнінің мұғалімдері Күздікбаева Нұргүл, Рахимжан Феруза Бастауыш сынып мұғалімдері Саргелтаева Г, Абдужаппарова Хает, Аметова Инкар, Исаева Зияда, Абишова Наргиза, Исакова Севара, Естемесова Разия информатика пәнінің мұғалімі Абдуллах Тойчи, Жумадуллаева Дилнура, тарих-география пәні мұғалімдері Арынов Пернебай , Исакова Дилдар электронды журналды толтыру барысында сабақ өтілізді ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 18.08.2008 жылғы №125 бұйрық талаптарын сақтамауы.

2024-2025 оқу жылы бойынша электронды журналды тексеру барысында бастауыш сынып мұғалімі Ташимбетова Гулмира 24 қараша 3А сынып әдебиеттік оқу баға қойылмаған, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Мамбетова Гүлзейнет 27 желтоқсан 9Б сынып жаһандық құзыреттілік сабақ өткізілді басылмаған. Нажен Аягөз 27 желтоқсан 7Б сынып сабақ өткізілді, Ирисбай Гулхае 25 желтоқсан 7В сынып география баға қойылмаған, бастауыш сынып мұғалімі Юсупбаева Феруза 29 қараша 4Д сынып математика баға қойылмаған. Абдужаппарова Хае 8 қараша 4В сынып математика баға қойылмаған. Исакова Севара 26 қараша 4Б сынып жаратылыстану тек 1 баға қойылмаған.

Ұсыныс:

Комиссия құрамы Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне өзін-өзі бағалау материалдарын жолдап және кезекті аттестаттаудан өткізу туралы сұраныс жіберуді ұсынды. Ұсыныс дауысқа салынды, бірауыздан мақұлданды.

Шешім:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына қолданылатын өлшеуіштер бойынша «4» (жақсы) деп танылсын.
2. «Ж. Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау құжаттары, кезекті аттестаттаудан өткізу туралы сұраныс Түркістан облысының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жіберілсін.
3. Құжаттарды дер кезінде жіберу мектеп директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абдуллаеваға міндеттелсін.

Кенес төрағасы

К.Калиев

Хатшы:

Г.Әлімбет

